

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының территориясында әскери қызметшілерді және әскери қызметтен босаған адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 16 наурыздағы N 674 жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 2 қыркүйек N 726. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25 . N 1620 қаулысымен. ~P961620

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының территориясында әскери қызметшілерді және әскери қызметтен босаған адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 16 наурыздағы N 674 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әскери қызметшілерге төленетін ақшалай сыйақы қызметінің айрықша жағдайы үшін штаттағы лауазымдық жалақысының - 30 процентіне дейінгі, класты біліктілігі (біліктілік санаты) үшін әскери қызметшілер санатына және берілген кластылығына (біліктілік санатына) қарай - 10 процентіне дейінгі мөлшерде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне әскери бөлімдердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, әскери оқу орындарының жұмысшылары мен қызметшілерінің тарифтік айлықтары мен лауазымды жалақыларын 1992 жылдың 1 мамырынан бастап орта есеппен 100 процентке өсіруіне рұқсат берілсін. Жалақыны өсіру 1992 жылдың 1 қаңтарында қолданылған айлық пен жалақының мөлшері негізге алынып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісе отырып, республиканың Қорғаныс министрлігіне ғана тән дағдылы емес лауазымдар бойынша лауазымдық жалақы белгілеу хұқығы берілсін.

3. Жергілікті әкімдер:
әскери қызметшілердің жекелеген санаттарына (Жарлықтың 3 тармағы) өздері және өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелері тұрып жатқан мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорының үйлеріндегі тұрғын алаңы мен коммуналдық қызмет үшін 50 процент мөлшерінде ақы төлеуге жеңілдік берсін. Шығындардың бұл бөлігі жергілікті бюджеттің есебіне жатқызылсын;
осы Жарлықтың 3 тармағының әскери қызметшілерді тұрғын үймен

қамтамасыз ету жөніндегі бөлегінің орындау барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1992 жылғы 20 қазанға дейін баяндайтын болсын.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірге тұрғын үйлерін жекешелендіруге тиым салынған жабық (оқшау) әскери қалашықтардың тізбесін анықтап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
қызметтің айрықша жағдайлары мен класты біліктілігі үшін төленетін ақшалай үлестің қосымша түрлерін төлеуге;
жеке тұрғын үй салуға өтеусіз қаржыдай көмек көрсетуге қосымша қаржы көздерін іздестірсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне:
ақшалай үлестің қосымша түрлерін төлеу үшін қызмет жағдайы айрықша лауазымдардың және класты біліктілік (кластылығы) берілетін лауазымдардың тізбесін анықтасын;

әскери қызметшілерге тұрғын үй сатып алуға өтеусіз қаржыдай көмек көрсетудің және осы мақсатқа бөлінген қаржының нысаналы жұмсалуды бақылау тәртібін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Ұлттық мемлекеттік банкісімен және Мемэкономкомымен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі